



Бұйрық

Приказ

030020, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Тургенев көшесі, 70 «А»
тел/факс: 8 (7132) 46-03-79; 43-03-94
№ 3404/1

030020, Актюбинская область, город Актөбе
улица Тургенева, 70 «А»
тел/факс: 8(7132) 46-03-79; 43-03-94
«01» 09 2022ж

2022-2023 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2022 жылдың 26 тамыздағы №270 бұйрығы негізінде Ақтөбе қаласы бойынша білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатындағы 27.08.2022 жылғы № 265 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептің жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
- 1.1. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
- 1.2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынсын және ата-аналар назарына жеткізілсін.
- 1.3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылданын.
- 1.4. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
- 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін.
- 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда -35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- 3) Оқу жылы ішінде каникул кезеңдері:
1-11 сыныптарда: күзгі каникул -7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында),
қысқы каникул -9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында),
көктемгі каникул -9 күн (2023 жылғы 13-26 наурыз аралығында);
1- сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
- 4) Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
- 5) Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.К.Сүлейменоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



И.Амитжанова